



2-қосымша. Біздің БҰҰ ТДМ-на қол жеткізудегі қосқан үлесіміз

БҰҰ ТДМ	БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер	2024 жылғы іс-шаралар	2024 жылғы тұрақты даму бойынша есептің бөлімдері
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ Жақсы денсаулық және әл-ауқат	Жарақат алу деңгейін төмендету және еңбек қауіпсіздігін арттыру. Денсаулық сақтау мен кәсіптік оқытуды қаржыландыруды ұлғайту. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды қамтамасыз ету.	Аймақтар/жергілікті қауымдастық үшін: - Астана қаласында Шұғыл медицинаның ұлттық үйлестіру орталығы іске қосылды, онда жыл сайын шалғай аудандардың 100 мыңнан астам тұрғыны медициналық көмек алады. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» KEAҚ үшін Астанада D-WALL роботтандырылған зертханасы сатып алынды, ол БМС және аутизмі бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. «Медициналық пойыздар» жобасы аясында шалғай аудандардың 100 мыңнан астам тұрғыны сапалы медициналық және құқықтық көмекке қол жеткізді. Қызметкерлер үшін: - Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге салынған инвестициялар 119 млрд теңгені құрады. - Жарақаттану көрсеткіштерінің жоспарлы төмендеуі байқалады. Мәселен, 2021 жылмен салыстырғанда жұмыс уақытын жоғалтумен жарақат алу коэффициенті (LTIF) 41%-ға (2021 жылы 0,22-ден 2024 жылы 0,13-ке дейін) төмендеді. Өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 2024 жылы 94 адамды құрады (2023 жылы - 120 адам). LTIF⁵⁴ коэффициенті 2024 жылы 0,13 (2023 жылы - 0,14) құрады. - Қорда Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған корпоративтік стратегиясы бекітілген. «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобында «2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары» іске асырылды. «Еңбек Қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша Samruk Business Academy және ішкі жаттықтырушылар портфельдік компаниялар мен олардың мердігерлерінің 120 000-нан астам қызметкерін оқытқан. «Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы» модульдік бағдарлама Ұлыбританияның қауіпсіздік және денсаулық сақтау институтымен (IOSH) әзірленген және аккредиттелінген . - CEO-1 деңгейінің басшыларына Денсаулық сақтау бойынша ҚНҚ (NWRF) белгіленді. - Барлық портфельдік компаниялардың қатысуымен денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша мамандарға арналған кеңейтілген семинар өткізілді. «Самұрық-Қазына» Компаниялар тобында жыл сайынғы Спартакиада өтті - Қордың командалық рухты нығайтуға, корпоративтік мәдениетті дамытуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған маңызды бастамасы.	Біз қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасаймыз
4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ Сапалы білім беру	Сапалы мектепке дейінгі оқытуға тең қол жетімділік Тегін бастауыш және орта білім. Білім беру саласындағы теңсіздіктің барлық түрлерін жою Жастарға арналған толық жұмыспен қамту, оқыту және білім беру Балалардың мүдделерін, мүмкіндігі шектеулі адамдардың ерекше қажеттіліктерін ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру	2024 жылы Қор тобының бір қызметкері орта есеппен 26 академиялық оқу сағатын аяқтады. 2024 жылы Қор тобының жас қызметкерлерінің ішінен болашақ көшбасшыларды дамытуға бағытталған «Жеті қадам» бағдарламасын іске асыру жалғасты. «Жайлы мектеп» жобасы іске асырылуда, Қазақстанның 3 мегаполисі мен 16 облысында 104 мектептің құрылысы аяқталды. - Маңғыстау облысында Қормен бірлесіп ҚР жетекші оқу орындарында сапалы білім алуға мүмкіндік беретін оқушылар мен студенттерге арналған «Жарқын Болашақ» жобасы іске асырылуда. - Ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім беру үдерісіне тең жағдайлар мен сабақ оқуға тартылуын қамтамасыз ететін инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі жобалар іске асырылуда. - Қазақстанның аз қамтылған және шалғай өңірлеріндегі балалар үшін сапалы білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған «AQYLDY MEKTEP» пилоттық жобасы іске асырылды. - Барлық деңгейдегі қызметкерлер үшін тұрақты даму саласында корпоративтік оқыту ұйымдастырылды: корпоративтік басқару, адам құқықтары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер.	Экономика мен қоғамның дамуына инвестициялар. Оқыту және кәсіби даму.

⁵⁴ LTIF (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті) - еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғаларда зардап шеккен, өндірістік жарақаттанудың ауырлық дәрежесі туралы қорытындыға сәйкес ауыр өндірістік жарақатқа жататын (оның ішінде қаза тапқандар) компания қызметкерлерінің саны 1 миллион адам-сағатқа көбейтілді және 12 есепті айда жұмыс істеген адам-сағаттардың жалпы санына бөлінді.



БҰҰ ТДМ	БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер	2024 жылғы іс-шаралар	2024 жылғы тұрақты даму бойынша есептің бөлімдері
5ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК Гендерлік теңдік	Барлық әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою, сондай-ақ әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.	2024 жылы Корпоративтік басқару кодексіне портфельдік компаниялардың директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының құрамындағы әйелдердің ұсынылған үлесін - мүшелердің жалпы санының кемінде 30%-ын белгілейтін толықтырулар енгізілді. «Гендерлік теңдік» мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру бағдарламасы іске асырылды. - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен, сондай-ақ БҰҰ Даму бағдарламасымен ынтымақтастық жалғасуда. - Бірқатар портфельдік компаниялар бизнеске Тұрақты дамудың 17 мақсатын біріктіруді жеделдету үшін БҰҰ сарапшылары мен серіктестері әзірлеген SDG Ambition бизнес-акселераторына қатысты.	Тұрақты даму саласындағы рейтингтер. Біз тең мүмкіндіктер жасаймыз. Директорлар кеңесін іріктеу.
7ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ Қымбат емес және таза энергия	Сенімді, тұрақты және берік инфрақұрылымды дамыту Барлық қамтылған және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу Заманауи энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қол жетімділік Жаңартылатын көздерден энергия үлесін арттыру Экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулерді, технологияларды, инвестицияларды дамыту Тұтыну мен өндірісте ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру	- Жалпы электр энергиясын өндірудің 18%-ы жаңартылатын көздер есебінен қамтамасыз етіледі. - Жалпы қуаты 6,3 ГВт-тан асатын ЖЭК және төмен көміртекті генерация саласында инвестициялық жобалар іске асырылуда. - Ені-мен бірге күн және газ электр станцияларының құрылысы басталды. - Жамбыл облысында жел генераторларының компоненттерін өндіретін зауыттың құрылысы басталды. «Бейбітшілік» (1 ГВт) жобасы бойынша Total Eren компаниясымен келісімді бекіту туралы заңға қол қойылды және жаңартылған келісім жобалары мақұлданды. - ЖЭК құрылысы жобалары бойынша Қазақстан мен ҚХР арасында China Power Investment Holding және China Energy компанияларымен бірлесіп үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. - China International Water & Electric Corp. компаниясымен бірге Қазақстанда алғашқы гидроаккумуляциялық электр станциясын (ГАЭС) салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. - PetroKazakhstan-мен бірлесіп CNPC-мен қуаты 400 МВт ЖЭС салу жобасы бойынша шекті келісімге (FA) қол қойылды. - Masdar (БАӘ) компаниясымен энергияны жинақтау жүйесімен 1 ГВт ЖЭС жобасы бойынша инвестициялар туралы келісімге қол қойылды. - Nebras power (Катар) компаниясымен Семей СЭС жобасы бойынша Бірлескен әзірлеу туралы келісімге (JDA) қол қойылды. - Катарлық UCC Holding компаниясымен Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын салу жобаларын бірлесіп іске асыру туралы, Power International Holding компаниясымен Қызылорда облысында бу-газ қондырғысы базасында электр станциясын салу жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыру туралы келісімдер жасалды. - Қазақстан Республикасында Сутегі энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы бекітілді.	Қуатты тұтынуды азайту.
8ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ Лайықты жұмыс және экономикалық өсу	Толық жұмыспен қамту және еңбекақысы тең лайықты жұмыс Еңбек құқықтарын қорғау және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету Жастарға арналған жұмыс, оқыту және білім беру Тұрақты экономикалық өсу Әртараптандыру, жаңғырту және инновация	- Қор Тобы 2024 жылы 47 413 адамды жұмысқа қабылдады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 15,4%-ға өсті. 2024 жылы қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру көлемі 83 млрд теңгені құрады. - Samruk Business Academy еліміздің 9 қаласында бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. - Qsamruk.kz рекрутинг платформасы Enbek.kz электронды еңбек биржасымен толық бірікті. 2024 жылдың нәтижелері бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі (SRS) 72% құрайды (2023 жылмен салыстырғанда +2 б.т.).	Лайықты еңбек жағдайларын жасаймыз



Қор Туралы

Тұрақты даму және esg саласындағы стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға инвестиция саламыз

Корпоративтік басқару

● Қосымшалар

БҰҰ ТДМ	БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер	2024 жылғы іс-шаралар	2024 жылғы тұрақты даму бойынша есептің бөлімдері
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым	ҒЗТКЖ және инновацияларды, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту	- Ғылыми-техникалық кеңестің 11 отырысы өткізілді, оның қорытындысы бойынша 19 перспективалық жоба қаржыландыруға мақұлданды. - Жобаларды қаржыландырудың 4 шарты жасалды. - Ғылыми-зерттеу жұмыстарына 57-ден астам өтінім қаралды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстанның батыс өңірлерінде «жасыл» сутегін өндіру мүмкіндігін бағалау үшін су ресурстарының атласын әзірледі. «Жасыл» сутекті өндіру және қолдану бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Уран өндіру процесінде ванадийді ілеспе алу технологиясын әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Huawei-мен бірлесіп көлік ағындарын басқаруда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктеріне зерттеу жүргізді, нәтижесінде деректер көздерінің каталогы қалыптастырылды және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін талдамалық сақтау архитектурасы әзірленді.	Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі
10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚARTY Теңсіздікті азайту	Жұмыс орнындағы қудалаудың немесе кемсітудің кез келген түрін жойып, барлық қызметкерлерге бірдей еңбек жағдайларын жасау	- Ашық жалдау жүйесі бар - Samruk Qyzmet (Qsamruk.kz). 2024 жылы Қор БҰҰДБ-мен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Осы келісім аясында Қызылорда облысы халқының әлеуметтік осал санатынан 100 жас адамға арналған жоба іске асырылды. - Мүгедектерді жұмыспен қамту жобасын іске асыру аясында «Содействие» және «I Teach Me» қоғамдық қорларымен, сондай-ақ Астана қаласындағы Оңалту орталығымен және Ten Qogam Мүгедектерді әлеуметтік бейімдеу орталығымен жұмыс жүргізілді. - Қордың инклюзия саласында жүргізіп жатқан жұмысы шеңберінде 2024 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша тиісті Жол картасы әзірленіп, бекітілді, оны іске асыру нәтижесінде 2024 жылы 581 мүгедектігі бар адам жұмысқа орналастырылды.	Біз тең мүмкіндіктер жасаймыз.
11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР Тұрақты қалалар және елді мекендер	Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық орнықтылығын қамтамасыз ету	120 мыңнан астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ететін «Талдықорған-Үшарал» жаңа магистральдық газ құбырының құрылысы басталды. «Алматы-Байсерке-Талғар» магистральдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы аяқталды - Алматы ЖЭО-ны көмірден газға ауыстыру бизнесті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға мультипликативті әсер етеді, сондай-ақ өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартады. - Екібастұз ГРЭС-1-де №1 энергоблогы пайдалануға берілді, бұл өңірдің энергия қауіпсіздігін нығайтты. 2024 жылдың соңында мобильді операторлар республика бойынша бүкіл ел бойынша 3000-ға жуық 5G базалық станциясын орналастырды.	Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі. Экономика мен қоғамның дамуына инвестициялар.
13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС Климаттың өзгеруімен күрес	Климаттың өзгеруіне әрекет ету шараларын саясат пен жоспарлауға қосу Қауіпті климаттық құбылыстарға төзімділік пен бейімделу қабілетін арттыру	2024 жылдың соңына қарай біздің портфельде іске асыру сатысында тұрған ЖЭК және төмен көміртекті генерациялау жобаларының жиынтық қуаты 6,3 ГВт-қа жетті. - Климаттық тәуекелдер корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне кіреді, олар қоршаған ортаға байланысты тәуекелдер санатында анықталады. - Бірқатар портфельдік компаниялар Көміртекті есеп беру жобасы (CDP) бойынша климаттық ақпаратты ашады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ TCFD Климаттық қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі мақсатты топтың ұсынымдарын орындайды. - Қор TCFD ұсыныстарына сүйене отырып, климаттық тәуекелдерді анықтайды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Метан шығарындыларын түгендеу бойынша өзінің алғашқы есебін United Nations Environmental Program (UNEP) жолдады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шеврон компаниясымен бірлесіп Павлодар қаласының айналасында 1 600 га алаңда жасыл аймақ құру жөніндегі жобаны іске асыруды бастады.	Климаттық әсерді азайту бастамалары. Энергияны тұтынуды азайту.



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

● Қосымшалар

БҰҰ ТДМ	БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер	2024 жылғы іс-шаралар	2024 жылғы тұрақты даму бойынша есептің бөлімдері
16БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар	Тұрақты даму үшін бейбіт және ашық қоғам құруға жәрдемдесу	- Портфельдік компаниялардағы Директорлар кеңесі мен Бақылау кеңестерінің қызметіне бағалау жүргізілді. 2024 жылы комплаенс қызметін тексеру қорытындысы бойынша Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.	Біз қалай жұмыс істейміз. Корпоративтік басқару.
17ТУРАҚТЫ ДАМУҮШІН СЕРІКТЕСТІК Тұрақты даму үшін серіктестік	Тиімді серіктестікті көтермелеу және ынталандыру	- БҰҰ-ның Бакудегі климаттың өзгеруі жөніндегі Халықаралық конференциясына (COP-29) қатысу және ынтымақтастық туралы меморандумдарға/келісімдерге қол қою. - ЖЭК құрылысы бойынша бірқатар келісімдерге қол қойылды.	Қосымша. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі

